

Агроқұрамаларға мал дәрігерлік қызмет көрсету және малдарды түгендеуді жүргізу туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің Қаулысы 1996 жылғы 14 қараша N 1386

Ауыл шаруашылығы малдарының аса қауіпті аурулары жөніндегі күрделі індеттік жағдайға байланысты және халықтың жеке меншігіндегі малдарға мал дәрігерлік қызмет көрсетуді реттеу мақсатында Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

1. Облыстардың, қалалардың, аудандардың, поселкелердің (ауылдардың) әкімдері, Қазақстан Республикасының Ауыл шаруашылығы министрлігі 1996 жылғы 15 желтоқсанға дейін шаруашылықтардың барлық санаттарында, шаруа (фермер) қожалықтарын жеке меншік иелерінің келісімі бойынша жеке аулаларды қоса алғанда, қажетті мал дәрігерлік-профилактикалық шараларын, сонымен бір мезгілде малдардың аумаққа және шаруашылыққа жатқызылуын айқындайтын таңбалау (түгендеу) жұмыстарын жүргізе отырып өткізуді ұйымдастырсын.

2. Облыстардың және Алматы қаласының әкімдері экономика жөніндегі комитеттердің, облыстық ауыл шаруашылығы басқармасының және облыстық ішкі істер басқармасының өкілдерінен - жауапты қызметкерлері құрамында малдарды мал дәрігерлік-профилактикалық емдеу мен таңбалауды жүргізу бойынша комиссия құратын болсын.

3. Жеке аулалардағы және жеке тұлға ретінде рәсімделген шаруа қожалықтарындағы профилактикалық емдеу мен таңбалау қорытындылары поселкелер (ауылдар) әкімдерінің шаруашылық кітаптарында жазылуы тиіс, олардың көшірмесі сату, тасымалдау, індетке қарсы шараларды жүргізу кезінде, сондай-ақ сатылған өнімдер үшін мемлекеттік қаржылай қолдау бөлу кезінде олардың меншік иесіне жататындығын айғақтайтын негізгі құжат болып табылады.

4. Облыстардың, қалалар мен аудандардың әкімдеріне қажетті мөлшерде мал дәрігерлік биопрепараттарын сатып алуға, құралдар мен нөмірлі сырғалар әзірлеуге қаражат іздестіру міндеттелсін.

5. Қазақстан Республикасының Ұлттық статистика агенттігі және оның жергілікті жерлердегі органдары 1997 жылғы 1 қаңтардағы жағдай бойынша кезекті жаппай мал санағын жүргізу кезінде малдарды түгендеудің (таңбалаудың) республикада жүргізілген қорытындыларын міндетті түрде ескертетін болсын.

6. Облыстардың, қалалардың, аудандардың, поселкелердің (ауылдардың) әкімдері, Қазақстан Республикасының Ауыл шаруашылығы министрлігі, Ішкі істер министрлігі ауыл шаруашылығы малдарының аса қауіпті ауруларына қарсы, сонымен бір мезгілде оларды таңбалай отырып, малдарды мал дәрігерлік-профилактикалық емдеуді жүргізу

қажеттігі жөнінде халық арасында түсіндіру жұмысын жүргізсін.

7. Облыстардың, қалалардың, аудандардың, поселкелердің (ауылдардың) әкімдері, Қазақстан Республикасының Ауыл шаруашылығы министрлігі "Мал дәрігерлігі туралы" Қазақстан Республикасы Президентінің Заң күші бар 1995 жылғы 25 шілдедегі N 2376 U952376_ Жарлығын барлық жеке адамдар мен заңды ұйымдардың орындауына

мемлекеттік мал дәрігерлік қадағалауды ұйымдастыру жөнінде мүмкін шаралар қабылдайтын болсын.

8. Осы қаулының орындалуына бақылау жасау Қазақстан Республикасының Ауыл шаруашылығы министрлігіне жүктелсін.

Қазақстан Республикасының
Премьер-Министрі